

Bilik

№3
(210)

12 сәуір 2019 ж.

2 «САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»:
ИСТОРИЯ В ЦИФРАХ
СТР

7 АРМАН ЖЕТЕГІНДЕ
СТР

ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ ҰЛАҒАТЫ **3**
СТР

АЛЫП ТҰЛҒА ТУРАЛЫ
СЫР ШЕРТЕДІ **12**
СТР

ҚҰРМЕТТІ ДОСТАР!

Сіздерді дәстүрге айналған «ХІХ Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциясының ашылуымен құттықтаймын!

Бүгін қазақтың бағына біткен біртуар ғалым Қаныш Сәтбаевтың ізін басқан жастарға қош келдіңіздер дейміз! Ғылыми шараны халықаралық деңгейде ұйымдастыру біз үшін зор мәртебе, үлкен мақтаныш!

2001 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Сәтбаев оқуларының» мақсаты – асыл азамат, ірі тарихи тұлға, академик, ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбегін жастарға таныту, сол арқылы үлгі, өнеге көрсету.

Қ.И. Сәтбаев – туған халқының нұрлы болашағы үшін білімнің құдіреті арқылы күресе білген бірегей тұлға. Қазақ ғылымының

қарашаңырағы Ұлттық академиясында қыруар ғылыми зерттеулер жүргізді. Ол кісі соғыстан кейінгі қиынқыстау кезеңде қазақ Академиясына өзі бас болып құрып, ғылымның бастауында тұрды.

Қазақстан ғылымы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі қастерлі де қымбат. Жасынан зеректік танытқан Қаныш аға өзінің бар ғұмырын ғылымға арнау туралы шешім қабылдағанда ол тек биік мақсаттарды көздеген еді. Қазақстанда геология мектебін қалыптастырып, жер асты қазба байлықтарын ел игілігіне жаратуы, осы салада көптеген ізбасар шәкірттерді тәрбиелеп шығуы өз алдына бір төбе. Жалғыз геология ғана емес, басқа ғылым салалары бойынша да талай

азаматтардың ізденіс жолына түсіп, ғалым болуына өзінің ағалық және әкелік қамқорлығын көрсетті. Оның бүкіл өмір жолы, еліне сіңірген еңбегі, жасаған қызметі кейінгі жастарға үлгі-өнеге болды.


Жастарды ғылымға баулып, білімін шыңдау – біздің парыз. Оқу ордамызда он тоғызыншы мәрте өткізіліп отырған халықаралық ғылыми конференция Қаныш Сәтбаевтай асыл ағамыздың ізбасарларына даңғыл жол салып, ғылымдағы игі дәстүрлерді жаңғырта түседі деген сенімдеміз. Өңіріміздегі білімнің қарашаңырағы – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қашан да дарынды, білгір, зияткер де қабілетті жастарды қолдауға дайын.



Әрине, мен конференция қатысушыларына нәтижелі диалог құруларына, оның нәтижесі Қазақстандағы зерделенетін мәселелердің жай-күйі мен келешекте жақсы түсінуге мүмкіндік беретін нақты ғылыми қорытындылар шығаратынына жүректен тілектеспін.

С. Торайғыров атындағы ПМУ ректоры Г. Ахметова

«САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»: ИСТОРИЯ В ЦИФРАХ с 2001 по 2019 годы



ҰЛЫ ТҮЛҒАНЫҢ ҰЛАҒАТЫ


Қазақ халқының маңдайына біткен асыл перзенттерінің бірі – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде Баянауыл ауданы, Ақкелін болысы, қазіргі Сәтбаев ауылында туған. Ұлы ғалым-геолог, қоғам қайраткері, геология-минерал ғылымының докторы. (1942), профессор, (1950). Қазақстан ҒА ұйымдастырушылардың бірі және Тұңғыш Президенті (1946). КСРО ҒА-ның Академигі (1946). Қазақстан ҒА-ның Академигі (1946). Қаныш Сәтбаев қазақтан шыққан тұңғыш тау-кен инженер-геологы, Қазақстан ғылымының атасы, Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы, Қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы.

Қазақтың ұлағатты тұлғасы Қ.Сәтбаев анасы Әлима Исақызынан бес жасынан жетім қалады. Сөйтіп, екінші анасы Нұрым Тасболатқызының тәрбиесінде болады. Алғаш сауатын ауыл молдасынан ашады. Сәтбаев 1911–1914 жылдары Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде бастауыш білім алады. 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Онда ағасы Әбікей Сәтбаевтың өмірлік мектебінен өтіп сол кісінің арқасында қазақтың Ж.Аймауытов, М.Әуезов сияқты көрнекті қайраткерлерімен бірге оқиды. 1918 жылы семинарияны бітірген соң Семейдегі педагогикалық курста мұғалім, 1920–21 жылдары Баянауылда халық судьясы болады.

1921 жылы Баянауылға емделуге келген геолог, ғалым М.А.Усов жас Сәтбаевтың геолог болуына үлкен әсер етіп, туған елінің қазба-байлықтарын зерттеуге ынталандырады. 1921 жылы күзде Сәтбаев Томск технология институтының тау-кен факультетіне оқуға түседі. 1926 жылы институтты бітірген соң Қазақ АКСР-і Халық шығармашылығы орталық кеңесінің ұйғаруымен

Мәскеу қаласына «Атбасцветмет» тресінің геология бөлімін басқаруға жіберіледі. Треске Жезқазған мыс-кен орындарын, Байқоңыр көмірін зерттеу және Қарсақбай мыс зауытының құрылысын жүргізу жүктелген еді. Сәтбаев бұл істі қарқынды жүргізу мақсатында Қазақстанға қайтып оралады. 1929 жылы Қарсақбай мыс комбинатының геология барлау бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалады. Көп ұзамай комбинаттың бас геологы болады. 1941–64 жылдары КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесі президенті (1941–42), төрағасы (1942–46), Қазақстан ҒА-ның президенті (1946–52) болады. 1952 жылы әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен шеттетілді. Қызметтен босаған соң Қазақ КСР Геология институтының директоры болып еңбек етеді.

1955 жылы Қазақ КСР ҒА-ның президентігіне қайта сайланып, бұл қызметті өмірінің соңына дейін атқарады. Сәтбаевтың негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарын зерттеуге арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда (1952–58) көп еңбек сіңіреді. Сәтбаев ғылымға жаңа бағыт – формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді. 1926–29 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор (ақиқат қоры бұрынғысынан 2,5 есе көп екені анықталды). Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасаған Сәтбаев бұл кенді ауданның кең көлемдегі геологиялық барлау



жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеді. Болашағы ғылыми тұрғыдан аса тыңғылықты негізделген Жезқазған мыс балқыту комбинаты дүние жүзіндегі түсті металлургияның ірі кәсіпорындарының бірінен саналады.

Сәтбаев минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай, т.б. аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927–28 жылдары Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялайды. 1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтеріледі. Ол Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір (Қарсақбай), марганец (Жезді), көмір (Байқоңыр, Қияқты), қорғасын (Қорғасын) кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасады. Қ. Сәтбаевқа осы еңбегі үшін диссертация қорғамастан, геологиялық минерал ғылымының докторы атағы беріледі. 2-дүниежүзілік соғыс жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылады.

Сәтбаевтың басшылығымен ғылым мен техниканың тығыз байланысын күшейту

мақсатында және Қазақстанның экономикалық аудандарының өндіріш күштерін зерттеу мен игеруге бағытталған Қазақ КСР-і ҒА-ның көшпелі сессиялары (Алтайда, Солт. Батыс, Оңт. және Орт. Қазақстанда) өткізіледі. Сәтбаевтың қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып (1948), Қазақ КСР-і Геология және жер қойнауын қорғау минералы құрылады (1956). Сәтбаев тікелей басшылық еткен металлогендік және болжам картасын жасау үшін ең алдымен Орталық Қазақстанның (Сарыарқа) сол кезге дейінгі геологиялық зерттелу жөніндегі мәліметтер жиналды, сол өңірдің геологиялық дамуының ірі кезеңі (палеозойға дейінгі, ерте каледон, соңғы каледон, ерте варисс, соңғы варисс, киммер-альпі) анықталды және әр кезеңнің геологиялық құрылысы мен металлогендік ерекшеліктеріне тән негізгі элементтік құрылымы табылды. 1954–1958 жылдар аралығында Орталық Қазақстанда түсті металдардың көптеген жаңа кендері ашылды және олардың 90%-дан астамы бірінші және екінші кезекте зерттелетін өңірлерден табылды.

Қ.Сәтбаев басқарған бір топ қазақстандық ғалымдарға металлогендік және болжам картасын жасап шығарғаны үшін Лениндік сыйлық берілді (1958). 1958 жылдан бастап металлогениядан кеңес, симпозиум, конференциялар өткізілді. Сәтбаевтың ашқан ғылыми мектебі Сарыарқаның металлогендік



және болжам карталарының теориялық негіздерін, оның берген нәтижелерін сын көзбен қарап, Қазақстанның басқа аймақтарының, бүкіл республиканың осындай картасын жасауды мақсат етті. Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды каналын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын – Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін, Қостанай мен Жезқазған – Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Қ.Сәтбаевтың есімімен тығыз байланысты.

Қ.Сәтбаевтың бастамасымен 1940 жылдан бастап КСРО ҒА-ның қазақ бөлімінде докторантура жұмыс істей бастады. Онда жүздеген ғылым кандидаттары

суымен жарық көреді. Сәтбаев Ш.Уәлихановтың алғашқы толық шығармалар жинағын басып шығаруды ұйымдастырады. КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1942), Лениндік сыйлықтың лауреаты (1958), 4 мәрте Ленин, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Қазақстанның қала, ауылдарында Сәтбаев есімімен аталатын жүздеген көше, 40-тан астам мектеп, ғалым ескерткіштері, т.б. бар. Ғалым 641 ғылыми еңбектің авторы, оның 534-і орыс, 98-і қазақ, қалғаны басқа тілдерде жарық көрді.

Оның есімі Қазақстан ҒА-ның Геология ғылымдары институтына, Жезқазған кен-металлургия комбинатына, бір қалаға, Алматы, Балқаш, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Семей қалаларындағы көшелерге, бір планетаға берілген. Сәтбаевтың құрметіне Жоңғар (Жетісу) Алатауы жотасындағы мұздық пен шың, Қаратаудағы ваннадий кен орнында



мен докторлары даярланып шықты. Оның 50-ден астамына Сәтбаев тікелей жетекшілік етеді. Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған іздері жеткілікті. Сәтбаев халық ауыз әдебиетін зерттеуді Баянауылда жүргенінен бастап, студент шағында одан әрі жалғастырады. Қазақ орта мектебінің төмен және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын 1919 жылы студент шағында бастап, 1924 жылы аяқтайды да, Білім Наркомына (қазіргі Білім және ғылым министрлігіне) бекітіреді. Бұл оқулық Қ.И.Сәтбаев Қоры (президенті К.Салықов) және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің арала-

табылған «Сәтбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған. Еліміздегі ең ірі жоғары техникалық оқу орны Қазақ Ұлттық техникалық университетіне Қаныш Сәтбаев есімі берілген.

2001 жылдан бастап біздің университетімізде Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа арналған «Сәтбаев оқулары» атты ғылыми-практикалық конференция республикалық деңгейде өткізіліп келеді.

А.Ж. ҚҰДАБАЕВ
филос.ғ.к., профессор
Е. Бекмаханов атындағы
өлкенің тарихы мен
этнографиясы ғылыми-
практикалық орталығының
директоры

ФАКТЫ

- ✓ К. Сатпаев при рождении был наречен именем Габдул-Гани, что в переводе с арабского означает «раб всемогущего и все-милостивого Аллаха». Мама ласково называла его Гани, Ганыш.
- ✓ В 1926 году Каныш Имантаевич Сатпаев, молодой геолог, с блеском закончил Томский технологический институт и в том же году был назначен начальником геологического отдела Атбасарского треста цветных металлов.
- ✓ Первый научный труд будущего академика – учебник алгебры для казахских школ был издан в 1924 году.
- ✓ В 1927 году, интересуясь казахским фольклором, в Москве К. И. Сатпаев издал один из вариантов эпоса «Ер Едиге» в новой редакции и со своим предисловием
- ✓ С юных лет Каныш Имантаевич увлекался музыкой. Он прекрасно играл на домбре, гитаре, любил петь казахские и украинские песни. Известный музыковед-фольклорист А. В. Затаевич впервые услышал в исполнении Каныша Имантаевича и записал 25 казахских песен. В 1931 году они были опубликованы в сборнике «500 казахских песен и кюйев».
- ✓ Академик выдвинул идею большого Джезказгана – первого металлургического района.
- ✓ В 1942 году за фундаментально трудные месторождения Джезказганского района К.Сатпаеву присуждают Сталинскую премию. Тогда же ему присваивают ученую степень доктора геолого-метеорологических наук.
- ✓ Летом 1943 года Каныша Имантаевича избрали членом корреспондентом Академии наук СССР
- ✓ 1 июня 1946 года была открыта Академия наук Казахской ССР. На первой сессии 47-летний К. Сатпаев был избран ее академиком и президентом.
- ✓ Самый большой проект Каныша Сатпаева – канал «Иртыш-Караганда». Строительство проекта началось в 1961 году, а в 1967 году была окончена первая его очередь. Воды Иртыша, протекая рядом с Экибастузом, достигли Караганды и Темиртау. После этого Центральный Казахстан больше не нуждался в воде.
- ✓ Великие казахские сыны Каныш Сатпаев и Мухтар Ауезов были друзьями. Писатель и ученый вместе учились в Семипалатинской семинарии. жили в одном общежитии, в одной комнате. Дружба двух великих талантливых людей длилась до самой смерти.
- ✓ В 50-ых годах К. Сатпаев предсказал огромные перспективы нынешних Мангыстауских месторождений нефти и газа.
- ✓ Академик был инициатором создания целого ряда исследовательских институтов.
- ✓ В 1957 году К. Сатпаев был веден в состав международной комиссии по составлению металлогенической карты Земли
- ✓ 31 января 1964 года после продолжительной болезни Каныш Имантаевич Сатпаев скончался.
- ✓ 31 июля 1979 года крымским астрономом, Николаем Черных, была открыта малая планета под номером 2402, как объект звездной величины в созвездии водолея. Новая планета был названа именем К. Сатпаева.

ЖЕРДЕГІ ҒАРЫШТЫҚ ҚОНАҚҮЙ

«Жердегі ғарыштық қонақүй» - ойын-сауықтың жаңаша түрі ғана емес, Жер мен ғарыштың экологиясына зиян келтірмейтін және бірқатар қызмет түрін көрсететін ғылыми жоба.

Осындай қонақүй әлемдік қауымдастықтың көңілін аудартып, Қазақстанның туризмін дамытуға зор үлесін қоса алады. Сонымен қатар, болашақ инвесторларды тартуға мүмкіндік береді.

Қонақүй Қызылорда облысының аумағында орналасады. Себебі, осы жерде туризмнің үлесі қазақстандық орташа көрсеткішке қарағанда 3 есе аз.

«Байқоңыр» бренді ойын-сауықтық туризм зонасын дамытуға сеп болмақ.

«Сонымен қатар, ғарыштық ракетаға ұқсас жағдай туғызу халық арасында ғарыштық тақырыпты таратуға, адамдарды өзге планеталарды колонияға алуға дайындауға мүмкіндік береді», - дейді жоба авторы Ирина Якупова.

Дегенмен, салмақсыздықты орнатудың нақты жолдары анықталмаған. Әзірге екі альтернативті тәсіл бар: акустикалық левитация және магниттік салмақсыздық. Олар әзірлену кезеңінде.



МАРМЕЛАД ИЗ ЛАМИНАРИИ

Студенткой Назарбаев интеллектуальной школы г. Павлодар был разработан рецепт мармелада на основе агар-агара из натурального сока и ламинарии для функционального питания космонавтов. Во фруктовом соке сосредоточено множество витаминов: А,В,С,Е. Ламинария – это морская водоросль, в которой содержится большое количество йода и кальция.

В условиях невесомости человеческое тело испытывает сильнейшие нагрузки и стресс. Отсутствие гравитации провоцирует вымывание микроэлементов из орга-

низма. Поэтому космонавты остро нуждаются в пище, дополнительно обогащенной этими самыми микроэлементами.

«Наш мармелад – это не только вкусный десерт, но и продукт, способный восполнить суточную потребность космонавтов в таких микроэлементах, как йод и кальций. Ежедневное употребление такого десерта – отличная профилактика потери микроэлементов в условиях космоса», – рассказывает автор проекта Кенжетай Жамиля.



ҒАРЫШТЫҚ ЭНЕРГИЯ

Назарбаев зияткерлік мектебінің студенті Гүлдана Қожанова өз жобасында баламалы энергияның жаңа түрі тақырыбын қозғады.

Орбиталы электростанцияның жердегі жүйеге қарағанда артықшылары көп: ол ауа райына тәуелді емес және жарыққа қарамайды, себебі тәулік бойы жұмыс істейді. Станция баламалы энергияның қолдану мүмкіндігін арттыра алады.

Күн жерсерігі түрлі апаттармен күресуге, дамушы елдерге сенімді энергияға қолжетімділігін арттыруға

және Жер шарына қымбат емес және экологиялық электр көзін беруге мүмкіндік береді.

Күн жерсерігі ғарышта энергия алудың қосымша көзі болады және ондаған жылдан кейін түрлене келе ғарыштық күн энергиясының табиғи және негізгі көзі бола алады.

Бұл көз адамдарға энергияны табиғи жолмен жинап, жанар-жағармайды жақпай, қоршаған ортаны ластамауға жол ашады.




ГАЛЕРЕЯ ТВОРЧЕСКИХ РАБОТ

Студент Назарбаев интеллектуальной школы создал социальную сеть, которая в будущем объединит творческие личности в одну платформу для поиска товарищей-единомышленников и обучения рисованию.

Для нашей страны такие проекты – тема новая, так как на просторах «Казнета» нет таких сайтов, которые объединяли бы людей, приближенных к творчеству, не говоря уже о наличии обучающего контента – сайтов, где тебе помогут начать рисовать с нуля. Как рассказывает Алишер Куанышбай, автор проекта: «Я сам отношу себя к ху-

дожникам-самоучкам, и для меня было сложно развиваться без знания направления и советов от опытных людей». Поэтому своим проектом он решил помочь таким же людям, нуждающимся в помощи.

На сайте каждый пользователь может найти новостную ленту, посетить профили других пользователей, а также создана система добавления в друзья и возможность переписки с ними. Пользователь может создать отдельную категорию, в которой будут обучения по разным темам.





КАК КАНЫШ САТПАЕВ С НУЛЯ СОЗДАЛ АКАДЕМИЮ НАУК КАЗАХСТАНА

В этом году исполняется 120 лет со дня рождения ученого, академика Каныша Сатпаева. Сатпаев – один из основателей советской металлогенической науки, открывший Улутай-Джезказганское месторождение меди, и создатель Академии наук в Казахстане.

Как в послевоенные годы Каныш Сатпаев буквально с нуля создавал Академию наук Казахстана, корреспонденту Tengrinews.kz рассказала руководитель Архива академика Каныша Сатпаева Института геологических наук Надежда Ниретина. Руководитель Архива академика Каныша Сатпаева Надежда Ниретина.

В 1941 году Каныш Сатпаев, будучи уже известным геологом, переехал из Джезказгана в Алма-Ату. В 1942 году он был назначен председателем президиума казахского филиала Академии наук СССР. Сатпаев же мечтал, чтобы в стране появилась своя Академия наук.

«Канышу Имантаевичу очень трудно пришлось. Нужно было доказывать свою правоту перед Москвой. Он с трудом нашел помещение, собрал ученых-академиков. В их числе были и переселенцы, которые прибыли в Алма-Ату из-за войны. Когда война закончилась, многие из них засобирались домой, и Каныш Имантаевич их уговаривал остаться. Он собирал

списки аспирантов, отправлял их членам президиума.

Некоторых своих подопечных он заставлял защищать докторскую диссертацию. Например, Евгения Шлыгина. Он долго не защищал докторскую, и Каныш Имантаевич ворчал на него, а Шлыгин отвечал ему, мол, мне нужно надо кормить, некогда. Сатпаев договорился, нашел мешок гороха и принес Шлыгину со словами: «Теперь докторскую будешь делать». Шлыгин смеялся, говоря, что Сатпаев купил его за мешок гороха», – рассказывает Надежда Васильевна.

1946 год. В течение пяти лет Сатпаев собирал ученых, возвращал кадры. Видя результаты его работы, президент Академии наук СССР Владимир Комаров написал представление в правительство КазССР об организации самостоятельной республиканской Академии наук. 1 июня 1946 года в Алма-Ате открылась Академия наук КазССР.

Первоначально здание Академии наук находилось на улице Кирова (ныне Богенбай батыра), 103, между улицами Валиханова и Пушкина в Алма-Ате. Это было двухэтажное здание, в котором работали академики с 1943 года. Сейчас здесь находится институт микробиологии.

«По воспоминаниям супруги Таисии Алексеевны, Каныш Имантаевич доказывал необходимость открытия 11 новых научно-исследовательских институтов. На это Владимир Комаров говорил, что в одном единственном захудалом здании невозможно открыть сразу 11 институтов. Но Сатпаев смог его убедить, и вскоре он начал писать письма с просьбой выделить ему здания под президиум и институты. Тяжело он выбивал здания. В 1946 году он поставил вопрос проектирования и строительства главного здания Академии наук. И с этого момента Каныш Имантаевич активно начал этим заниматься. И только в 1951 году главное здание по улице Шевченко начало строиться».

Первый кирпич нового здания Академии наук был заложен Канышем Сатпаевым в 1951 году. Здание по проекту архитектора Алексея Щусева достроили в 1957 году. Объект имеет трехосевую композицию: монумент, портал и два примыкающих к нему корпусов. На портале главного здания имеются стрельчатая и сталактитовая формы карниза. Капители и пилястры украшают боковые и средние фасады здания. Стилизованные мотивы использованы в оформлении ордеров.

Объект построили в 1957 году. В 1958 году туда переехали академики.

«Надо отметить, что на 3,5 года Каныш Имантаевич был освобожден от президентства. Он не занимался на тот момент строительством. В это время президентом Академии наук был Динмухаммед Кунаев. Только к 1955 году Каныш Имантаевич вернулся и за два года достроил это здание на улице Шевченко. Здания Академии наук расположены буквой Е, потом к ним присоединили в 1990-е годы еще корпусы, и получилась буква Ф», – рассказывает сатпаевед Ниретина.

«Каныш Имантаевич добился небывалых высот в советской науке. И, как говорят геологи, ничего нового ни в науке геологии, ни в практике открытия месторождений на сегодня не сделали. Это, невзирая на то, что он оставил металлогеническую карту. Ему сложно было в науке, ему нужно было доказывать, добывать деньги, возвращать кадры. При всей гуманности, на работе он был категоричным и жестким, не любил выскок и ложь. Ему было трудно. Но Каныш Имантаевич работал на благо своей страны и своего народа», – заключила Надежда Ниретина.

Tengrinews.kz



АРМАН ЖЕТЕГІНДЕ

Биылғы жылы атақты геолог, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, Қазақ КСР Ғылым Академиясының Бірінші Президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 120 жыл. Томск университетінің ғылыми қауымдастығы әлемге танылған дара тұлға және оқу орны түлегінің университет қабырғасында өткізген кезеңдерін жылулықпен еске алады.

«Ұзын бойлы, арықша келген, бұйра қара шашты... Бозарған келбеті кең-байтақ дала тұрғынына ұқсамайтын сияқты көрінеді. Ол ғылымды жақсы көретін, сабақтан тыс уақытында оқулықтармен серік болатын», - дейді Томск политехникалық университеті музейлер кешені экспозициялық және көрме қызметі жөніндегі маманы Вадим Лобанов.

Томск технологиялық институтының Қаныш Сәтбаевтың жүрегінде орны бөлек. Ол тау факультетіне 1921 жылы түсті. Қ. Сәтбаевты Томск қаласына танымал геолог Михаил Усов шақырған. Павлодар облысының Баянауыл ауданынан келген студент профессорлық үйге жайғасты.

22 жастағы Қаныштың бойындағы геологияға деген қызығушылықты институттың тау факультетінің деканы әрі профессоры Михаил Усов Баянауылда ем алып жатқанда байқаған. Жас азамат үй жағдайында білім алып, халықтық судья болып қызмет етті. Ол ақылды, кітап оқуға құмар еді. Жас Қаныш профессордың Қазақстанның геологиялық өткені, жер қойнауындағы баға жетпес байлықтары туралы әңгімесін асқан қызығушылықпен тыңдайтын. Осылайша,

Қаныш ғылым жолына түсу мақсатымен халықтық судья қызметін тастап, Томск қаласына оқуға келеді.

Қызметтен шығу үшін қажетті құжаттарды жинау қиындық туғызса да, райынан қайтуға кедергі болмады. Кейін губерниялық халықтық білім беру мекемесінен Томск технологиялық институтына жолдама алды. Томск қаласындағы тау бөлімінің негізін қалаушы Владимир Обручев Мәскеуде тұрған кезде білім берді. Усов жас Қанышты профессорлық үйге қоныстандырды, себебі, жатақханада орын болмады. Профессорлық үйде тұру студент үшін зор мәртебе еді.

Қаныш Сәтбаев қара түсті киім, жылтыр түймелері бар ұзын камзол киетін. Фуражасында екі тау балғасы бейнеленген эмблема болатын.

Студент Михаил Усов пен физик Борис Вейнбергтің дәрістеріне ден қоятын. Олардан алған тәлімі болашақ ғалымды арманына жетелейтін.

«Екі немесе төрт сағатқа созылатын Усовтың дәрістері түсінікті әрі жадыға оңай сақталатын. Профессордың сөз саптауы, білімі, ғылыми мағлұматтарды еш қиындықсыз жеткізуі таң қаларлық. Артық сөз бен бос уақытқа орын болмайтын. Бұл - дәрістің стилі», - деп Қаныш Сәтбаев 1960 жылғы жазбаларында еске алды.

Дегенмен, білім алу кезіндегі қолайсыз жағдай - Томск қаласының суық әрі ылғалды климатынан Қаныштың денсаулығы сыр бере бастады. Студент оқуын тоқтатып, елге ем қабылдауға оралды. Бір жыл бойы Михаил Усов жолдап тұрған кітаптармен өз бетінше дайындалды.

Азаматтық соғыстан кейінгі

тұрмыс қиын болатын. Осы жылдары түрлі эпидемиялар болып, Қаныш Сәтбаев ауруға шалдықты.

Ауруынан айыққаннан кейін Қаныш Томскіде емтихандарын тапсырып, үшінші курста тәжірибелік ғылымда зор жетістіктерге қол жеткізді.

Ғалымның жолдастары Қаныш Сәтбаевтың білімге құмар, қарапайым жан екенін тілге тиек ететін. Көппен дос болып, көмек қолын созудан жалықпайтын. Курстасы, бірегей тікұшақтар құрастырған Николай Камов және Кеңес Одағының ғылым академиясының Оралдағы филиалының президенті болған Аркадий Ивановпен жақын араласты.

Сәтбаев институт пен университеттің кітапханасына құмар еді. Күн, түн демей, оқулықтан қолы босамайтын. Себебі, ауыл баласы осындай байлықты бұрын-соңды көрмеген. Ол оқу залдары мен институттың музейлерінде бос уақытын өткізгенді ұнататын. Күнделікті кестесі тығыз болатын. Қолынан кітап түспей, қазақ мәдениетін зерттеуді жаны сүйетін. Ол орыс жерінде мәскеулік баспаларда қазақ тілінде «Ер Едіге» кітабын басып шығарды. Ол институт қабырғасында алгебра кітабын аудара бастады. Биологиялық еңбектер мен тау ісі бойынша басылымдарды орыс тілінен қазақ тіліне тәржімалады. Қазақ халқының әдеби және ән шығармашылығы туралы баяндамалар жасады.

Қаныш Сәтбаевты Томск технологиялық институты тау бөлімінің негізін қалаушы Владимир Обручевтің ізбасары деуге болады. Оқу орнының негізін қалаушы студентпен жиі

араласып тұрды. Хаттарында Сәтбаевтың жетістіктерін жазып отыратын.

Жас азамат «жергілікті» тұрғындарға арналған үйірмеге жетекшілік етті. Башқұрттар, қазақтар, татарлар, буряттар мен өзге ұлттардың өкілдері қауымдастықтарын осылай деп атайтын. Үйірме отырыстарына Қаныш Имантайұлы жиі келмейтін. Оның қатысушылары шығармашылық кештер өткізгенде жас Қаныш қазақ әндерін орындайтын.

Ол институтта жүргенде домбырасын қолынан тастамайтын. Бүгінде аспап Томск политехникалық университетінің музейінде сақтаулы.

1926 жылдың көктемінде Сәтбаев жобасын сәтті қорғап, тау инженері атағына ие болды. Оның қуанышына алғашқылардың бірі болып Михаил Усов ортақтасты. Сол кезде Усов институтта оқу ісі жөніндегі проректор қызметінде болды.

Білім алған соң Қаныш Сәтбаев туған жерінің төсіне оралды.

Бүгінде университет аумағындағы геологтар аллеясында Қаныш Сәтбаевтың құрметіне бой көтерген ескерткіш «мен мұңдалап» тұр. Ал тау корпусының қабырғасында мемориалды тақта орнатылған.

«Ол - қазақ халқының атақты ұлы, оқу орнының үздік түлектерінің бірі. Ғалымның еңбегі, жетістіктері туралы бәрі біледі, еске сақтайды. Қаныш Сәтбаев еңбек жолын Томск қаласында бастағанын мақтан тұтамыз», - дейді Вадим Лобанов.

**Материал ашық ақпарат көздерінен алынды
Аударған - А. Әділбек**

Ш. Ч. Чокин, академик




«Одна из наиболее ярких черт характера Сатпаева - народность. Под народностью я понимаю не безумный восторг от того обстоятельства, что ты родился казахом, не знание обычаев, строгое соблюдение элементов степного этикета. Понятие это гораздо глубже и обширнее. Под народностью я подразумеваю способность сердца сопереживать боль своего народа, его нужды и чаяния, сознавать всегда свою высокую ответственность за его будущее. В конце концов это находит отклик в сердцах соплеменников. Одержимость Сатпаева народной памятью проявлялась во всем. Он с воодушевлением узнавал и спешил к местам, где археологи находили атрибуты истории казахов. Он тянулся к старикам, у которых выводил все, что связано с прошлым, и долго душевно говорил с ними».

Д. И. Щербаков, академик



«Говоря о К. И. Сатпаеве, я ясно представляю себе цельного, волевого человека, наделенного широким государственным умом. К. И. Сатпаев обладал законченным научным мировоззрением, умением выбирать правильный путь и способностью идти без колебаний к намеченной цели. Рожденный в бескрайних степях Казахстана, он впитал в себя черты их суровой природы, вырабатывающей навыки борьбы за существование и волю к победе. Он был влюблен в свой родной край, восхищался мощью создавших его геологических процессов и верил в неограниченное богатство его недр».

СӘТБАЙ-ШОРМАН ӘУЛЕТІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС ТУРАЛЫ



Орталық Қазақстанның, Сарыарқаның, ұлан-байтақ жерін ежелгі Орта жүз рулары – арғын, найман, керей, қыпшақ, қоңырат, уақ мекендегені белгілі. Осылардың ішіндегі айтулысының бірі – Арғыннан бірсыпыра ұрпақ тарапты. Арғын руының арғы тегі, аталу туралы шежірелерде, тарихи құжаттарда әртүрлі жорамалдар болса да тиянақты тұжырымдар жоқтың қасы. Әзірше белгілі болған құжаттардың бәріне сүйенсек, мысалы, Ақжолдың баласы Қаракожаның төрт ұлы – Мейрамсопы, Қарасопы, Кенжесопы, Бәсентіні екен. Мейрамсопының Куандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Болат атты бес ұлы болыпты. Өніп-өскен Сүйіндік ұрпақтары көбіне Орталық Қазақстанның шұрайлы жерінің бірі – Баянауыл тауының сыртқы бөктері Ақкелінде коньстаныпты.

Сүйіндік ұрпақтарының бірі Қаржастан Құлыке, одан Анай, Анайдан Жәдігер, Жәдігерден – Сатай, одан Баубек, Баударбек, Олжабай, Шегір. Баубектен – Шетік, Шетіктен – Сәтбай.

Баубек Сәтәйұлы өзінің немересіне сәтті бай, сәулетті болсын деген тілек ниетпен және әкесінің есіміне ұқсас бол-

сын десе керек, Сәтбай деп атапты.

Сәтбай Шетікұлы Сәтбаев (1823-1902) дәулетті, ауқатты отбасында дүниеге келіпті де, жалғыз болғандықтан ерте есейген, ақылды да байсалды, өз тұстас жақсы-жайсаңдармен сыйлас, қадірлес болған деседі. Сәтбайдың әйелі Күнсұлу туралы дерек аз. Ол да, мүмкін, айтулы жерден шыққан болар.

Сәтбай бәйбішесі Күнсұлудан 1845 жылы тұңғыш Имантай дүниеге келгенде үлкен той жасап, қазақ сахарасының түкпір-түкпірінен атақты адамдар, әншілер, күйшілер, ақындар шақырылыпты. Олар өнер сайысына түсіп, дүниеге жаңа келген Имантайдың келешегін мадақтап толғау-жыр шығарыпты деп айтады. Тойға шақырылғандардың бірі сол кезде жас та болса, елге қадірлі өнерпаз батыр, әнші, ақын Сегізсері (Мұхамедханафия) Баһрамұлы Шақшақов (1818-1854) екен. Сегіз қырлы, бір сырлығы үшін Сегізсері атанған Мұхамедханафия XIX ғасырдың 30-40-жылдарында қазақ еліне көршілес Хиуа, Қоқан хандықтардың, Ойрат шонжарларының жапа шеккен

ауылдарды сақтап қалу үшін атқа мінген батырлар қатарында болған. Ол өткір өлеңдерімен, тамаша әндерімен, ел ішінде жүріп-салдық, серілік құрған өнерпаздығымен де ел қадірлісі екен.

Архив құжаттарының түрінде Ақкелін мекенінен он сегіз адам, соның ішінде Сәтбай Шетікұлы, Мұстафа Шорманұлы, Иса Шорманұлы т.б. қол қойған қолхат сақталған. Қолхат 1853 жылдың 17 октябрі күні делініп арабша, орысша қара туспен жазылған, әріптері әдемі, қанша уақыт өтсе де өшірілмей әдемі сақталған.


1853 жылы қолхат жазылған кезде Сәтбай 30 жаста еді, бұл құжат оның халыққа пайдалы игілікті істің басында жүргенін, қамқоршы болғанын көрсетеді. Сонымен қатар бұл қолхат Сәтбай арабша да, орысша да сауатты істің мән-жайын білетін көзі ашық сергек адам болғанын дәлелдейді.

Сәтбай атаның қолының ізі қалған сол бір әдемі ұрпақтары, балалары, немерелері мен шөберелері үшін, сөз жоқ, қымбат дүние. Баянауылда, Ақкелінде Сәтбай салдырған ағаш үйлердің кейбіреулерінің іргелері, соңғы кезге дейін сақталған еді, қазіргі ауыл басқа жерлерге көшіп, ол үйлердің ізі қалмаған. Сәтбай тұстастары арасында қадірменді, сыйлы жан болған. Баянауылдың Ақкелін шоқысының батыс жақ беткейінде, «Ащы» өзенінің бойында Сәтбаевтар мен Шормановтың ауылы қатар орналасқаны, аралас-құралас, құдандалы-туыс болғаны белгілі. Шормановтар ата-тегімен бай баласы аға сұлтан болғаны баса айтылып, олар туралы қара бояумен жазылып келді. Тәркілеу кезінде олардың Баянауылдағы ата мекені, зәулім

ағаш үйлері, әсіресе ондағы материалдық және рухани игіліктер, тарихи деректер жойылды. Шынында да, Сәтәй мырза оның баласы Күшік, Күшіктен Шорман (шын аты Жұмабай, жасында суырылып шешім айтатын болған, сол үшін Шорман аталған - хан атына қоса айтылатын ілтипат белгісі «шора» мен «ман» деген сөздің қосындысы) Баянауыл тарихында белгілі. Әсіресе, оқыған, білімді, полковник Мұса (1819-1885) оның тұңғыш баласы Сәдуақас (1854-1927) Шормановтар елдің көркеюіне үлкен еңбек етті. Өнер-білімнің қамқоршылары болды. Шорманов әулетімен Сәтбай баба, Имантай ата, олардың ұрпақтары қиын кездің: тәркілеу, қудалау кездің өзінде де жақсы қатынаста, туыстас ниетте болған.

Имантай алпысыншы жылдардың соңында Нұрым Тасболатқызымен отасқан, одан туған қызы Күнше жастай өлген соң көп уақыт баласыз жүріп, екінші рет үйленген. Шорманның Мұстафасының баласы Қанафия-Қашафедтин кайтыс болды, жесір қалған жап-жас әйел Әлімә келін ауылға қадірін асырған жан екен. Осы Әлімәға қырықтың ортасынан асқан Имантай үйленген. Әлімәні Шорман ауылы қыздай ұзатып берген. Осы бір қайта шаңырақ болудың басы-қасында Сәтбай қарттың өзі болған деседі. Сәтбай атаның батасын алған келіні Әлімә – Ғазиза, Ғазиз, Қаныш Сәтбаевтардың анасы. Сәтбай ата осы немерелерін көріп барып дүниеден өтіпті. Әлімә өз балаларының ер жеткенің көре алмай өмірден озды. Ол 1904 жылы қайтыс болды. Жастай қалған балалар Имантай мен Нұрым бәйбіше қамқорында болды.

Сәтбаевтардың Шормановтар



ауылымен құдандалығы кейін де жалғасқан. Мысалы: Ғазиза Имантайқызы Шорекендердің ұрпағы Аужанның ұлы Ақышқа ұзатылған. Олардан қалған Рашат, қазірде белгілі археолог Кемел Ақышев. К.А. Ақышевтың археология ғылымындағы ерекше орын алған жаңалығына «Алтын адам» ескерткіші жатады. Сәтбай кезінде беделді адамдардың бірі Тәтімен жақын қатынаста болған көрінеді. Академик В.В. Радловтың «Түркі тайпаларының халық әдебиет үлгілері» атты он томдық еңбегінің қазақ фольклорына арналған үшінші томындағы «Тәтінің өлерінде еліне айтқан коштасу өлеңінде»:

*Тетелес туған Сәтібай,
Ойнаушы едің аға деп,
Менен жақын бар ма? - деп,
Мен тірлікте айтушы ем:
Мың миллионың кетсе де,
Төре алдына барма! - деп
Тағы дұғай сәлем дегейсің,
Алаштың ұлы Арғынға, -
деген жолдар бар.*

Жырдың басындағы түсініктемеге қарағанда Тәті XIX ғ. өмір сүрген, едәуір игі істер атқарған, өз қадірін өзі білген, төре алдына бас имеген тәкәппар, адамды жақсы танитын жұртшылыққа белгілі адамдардың бірі әрі ақын болғанға ұқсайды. Бірде Тәті Қаратау жағындағы Құспек төркіні ауылына барған жерде Құспек құсатып жасап, у жаққан шекпен кигізіп, оны өлтіреді. Ауырып жатқанда Арқадағы еліне өлеңмен сәлем жолдайды. Сол арнау да Сәтібай аты аталады. Тәтінің әкесі Алтай немесе оның руы Алтай, Қоянды, Жыланды өзендері бойында Нұраны мекен еткен белгілі би болған, «Үш мейрамның ұлында Қуандық пен Сүйіндік жан бармаған таласқан...» деген жолдарға қарағанда ол осы руда сөзі тыңдаулы, қадірлі жан болған.

Ел есіндегі әңгімелерге қарағанда, Сәтбай ата ауылы ауқатты, біршама бай болыпты да, балалары өніп-өсіп, әрқайсысы үйлі-жайлы, үбірлі-шүбірлі болып тармақталыпты. Сәтбай атаның өз ауылы «Үлкен ауыл», ал енші беріп бөлек шығарған баласы Имантай ауылын «Кіші ауыл» дейді екен. Өзге балаларды да үй-жайлы етіп бөлек шығарған, олар көбінесе «Үлкен ауылдан» ұзамай, төңіректен қоныстанады екен. Сәтбай ата мен Құсұлу әже балаларына, келіндеріне мейірі, еркін тәрбие беріп, өскенде олар ата-ананы қадірлеуді, сүюді, құрметтеуді, жылылықты, осы ауылдың игі дәстүрлерін жалғастыруды өздеріне парыз санаған, оны бүкіл ұрпақ дағдыға айналдырған. Бұл

ауылдың қадір-қасиетінің молдығы, биік мәдениеттілігі мен білім-ғылымға, өнер-сымбаттылыққа бейімділігі, әділеттілігі мен инабаттылығы сол маңайдағы ауылдарға үлгі саналыпты.

XIX ғасырдың басындағы ақындар тобына жататын елеулі тұлғалардың бірі, парасатты, зиялы ізгі қасиеттердің иесі – Сәдуақас Шормановты жұртшылық қадір тұтып, Сәкен ағай деп атаған. Мұса мырза баласы Сәкенді, онымен бірге Сәтбайдың баласы Имантайды бастауыш училищеге береді. Зерек балалар оқуларын бітірген соң Сәдуақас Томск университетіне, Имантай Омбыдағы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Имантай заман талап еткен бастапқы парызын ардақтаған. Әуелі арабша сауатын ашқан араб, парсы, шағатай, тілдерінде кітап оқитын дәрежеде болған. Орыс тілін де біршама игеріп хат-



хабарды айыарлық түсінікке жеткен. Келешекке терең көз жүгірткен Сәдуақас Шорманов пен Имантай Сәтбаев болашақта ғылым мен білімнің ұрпақ үшін қол жеткен қазына боларын болжап ауыл балаларын оқытуды мақсат етті. Оның дәлелі Ақкеліндегі ағаш үйден мектеп ашып мұғалім әкеліп, балаларды оқуға тартты.

Зиялы бабаларымыз ауқаттыларға мал салығы емес, бала салығын салады екен. Ол келешегі бар баланы әрі қарай оқытуға талап.

Шорман бидің кенже ұлы Әужанның немересі, қазақ археологы, тарих ғылымдарының докторы, Кемел Ақышевтің анасы Ғазиза Имантайқызы Сәтбаева болуы, Шорман әулетімен Сәтбай әулетінің тағы да бір ұрпақтар байланысы екенін дәлелдейді.

Зейнептен туған Шоқан Уалихановпен Омбыда танысып араласып бір пәтерде бірге тұрған Ә.Х. Марғұланнның естелігінде айтылған. XIX ғасырдың екінші жартысында Баянауыл атырабында ат басын бұрған қазақ даласын зерттеушілердің



ішінде Ақкелінде бұрынша би, сол күндегі атау бойынша халық судьясы болып қызмет атқарған Имантай Сәтбаевпен жан-жақты зиялы Сәдуақас Шормановқа соқпағаны кемдекем.

Архивте сақталған тағы бір құнды дерек – Сәтбай ата

Имантай және Зейнеп тараған ұрпақтардан 7 ғылым докторы, 8 ғылым кандидаты шықты. Бұлардың арасында бір академик, бір академияның корреспондент мүшесі бар. Имантай мен Зейін Сәтбаевтардың күйеуі баласының екеуі академик, біреуі доктор, үш ғылым кандидаты, бір жиен академияның корреспондент мүшесі, яғни Сәтбай ұрпағы 22 адам ғылымның әр саласында жемісті еңбек етуде. Сәтбай атаның Жәмін, Әмін атты балаларынан тараған ұрпақтарының ішінде де ғалымдар бар.

1930 жылдардың екінші жартысында қазақтың көзі ашық, халыққа басшы бола алатын азаматтарын қуғындау, көзін жою ылаңы басталды. Сәтбаевтар әулетінен үш адам – Ғазиз, Әбікей және Кәрім сол зобалаңның құрбаны болған.

Сонау XIX ғасырда басталған Сәтбаевтар әулетіндегі оқу-білімге, рухани-терендікке, биік адамгершілікке ұмтылған ұлағатты дәстүр бұдан былай да жалғаса берсе екен деген игі тілек ұялайды. Мен бұл жұмысымды Кәкімбек Салықовтың мына өлеңдер шумағымен аяқтаймын:

*Дәріс етіп кім ізетпен атамас,
Ғибрат алсын, Білсін заты алаш.
Шормановтар, Сәтбаевтар әулеті,
Әлмисақтан іргелес һәм аталас.*

*Шорман-шонжар дәулет қонған жүйелі,
Ұлы Мұса аға сұлтан киелі.
Шоқан туса Зейнеп апа қызынан,
Сол Шорманның Қаныш та өз жиені.*

Бакбаева М.Т.

6-сынып оқушысы, «Баянауыл ауданы білім беру бөлімі Академик Қ.И. Сәтбаев атындағы мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешені»

Музафарова Б.С., Нұхы А.Ш.
кітапханашы, ағылшын тілі пәні мұғалімі «Баянауыл ауданы білім беру бөлімі Академик Қ.И.Сәтбаев атындағы мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешені».

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Мұса Шорман ауылы



Қ. И. СӘТБАЕВТЫҢ ШЕЖІРЕСІНЕН СЫР ШЕРТЕМІН

Қаныштың атасы Сәтбай Шотықұлы (1823-1902) Баянауыл өңіріне танымал, қадірменді азамат болған. Сәтбай бабаның аты Шорман би, Шыңғыс Уәлиханұлы сияқты ел саңлақтарымен дәрежелес, атақты кісі болғаны белгілі. Бәйбішесі Күнсұлудан 1845 жылы тұңғыш ұлы Имантай туады. Сонда ол ұлан-ғайыр той жасап, үш жүздің әр аймағынан атақты жырау, ақындарды, балуан-дарды, әйгілі сал-серілер мен әнші-күйшілерді алдырыпты. Тойға шақырылған аса мәртебелі қонақтардың ішінде атағы сол кезде сахараны жаңғыртып тұрған, әрі батыр, әрі ақын, әрі композитор Сегіз сері (Мұхамедқанафия)

Бахрамұлы Шақшақов (1818-1854) болған екен. Сыйлас досы Сәтбай сұраған соң Сегіз сері тойды бастап беріп, балаға Имантай деп атын қойып, ұзақ толғаулы өлеңмен жас нәрестеге ақ батасын беріпті.

Сәтбай бабаның өмірі әділетті билікте, саналы діндар-лықта өтіп, ақыры қажылыққа барғанда топырақ Меккеден бұйырыпты. Имантай қартайған шағында ардақты әкесінің дүние салған жерін көріп, белгі орнатқысы келді ме, әлде өмірінің ақырғы кезінде мұсылмандық жолына түбегейлі түсейін деді ме, Меккеге баруды ойлапты. Мәскеуде қызмет істеп жүрген баласы Қанышқа хат жазып, бұл ойын

айтқан да екен. Алайда ол қасиетті арманы орындалмай, Имантай ата 1928 жылы ауыр сырқаттан қайтыс болыпты. Осы аз ғана аталған басы сапалы, соңы қапалы жағдайларды жіпке тізіп жүрген Кеңес өкіметінің жендеттері Қаныш Сәтбаевқа байдың баласы, атасы қажы, әкесі де діндар болған деп қалайда ебін тауып, қаралау әрекеттерін жылдан жылға өрістете береді. Оның үлкен әйелі Күнсұлудан Имантай, Жәмін, Әмін, Зейін атты төрт ұл туады. 1845 жылы Имантай туғанда Сәтбай жайлауда үлкен той жасаған. Ат жарыстырып, балуан күрестірген. Имантайға ат қойғанда, бата беріп айтқан Сегіз серінің 147 жол өлеңі бар. Сәтбай мыңға дейін жылқы біткен ауқатты адам болған. Кейін жылқысының барлығын Жәмінге берген. Ал Қаныштың әкесі бай болды деген сөз жалған. Имантайдың жүзге жетпейтін жылқысы ғана болған орта шаруа.

Әкесі Имантай Сәтбайұлы (1845-1928) Омбы қаласындағы медреседе білім алған. Имантай Омбыдағы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Мұса Шорманов баласы Сәдуақасты, онымен бірге шаруашылығын басқаратын Сәтбайдың баласы Имантайды Омбыдағы оқуға: Сәкенді гимназияға, Имантайды бастауыш училищеге береді. Зерек балалар

оқуларын бітірген соң Сәдуақас Томск университетіне, Имантай Омбыдағы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі.

Анасы Әлима Исақызы (1860-1904) Қаныш бес жасқа келгенде қайтыс болған. Имекең – баланы кеш көрген жан. Бәйбішесі Күлше атты қыз туып, ол өмірден ерте өтіп кеткен. Содан 47 жасқа келгенде екінші рет үйленіп, Шорман ауылының жесір отырған жас әйел Әлиманы алады. Одан 1892 жылы Ғазиза атты қыз туады.

Ғазиза Имантайқызы Сәтбаева (1892-1932) белгілі ғалым-археолог Кемал Ақышевтың анасы. Ал Ғабдұлғазиз Имантайұлы Сәтбаев (1894-1937) болса, іске берік, елге қадірлі болған тұлға. «Бай тұқымы» деген түрткі сөзден аулақ жүру үшін Ғабдұлғазиз ауыл-аймағын, туыстарын Омбы қаласының маңайынан жер алып, бәрін сонда көшіріп алыпты. Қанекең Қарсақбайда қызмет істеп жүргенде өз балалары Ханиса мен Мәләшті, ағасының, Имантайдың асырап алған баласы Әбсәлімнің балаларын, Ғазизаның екі ұлы Рашат пен Кемалды өз қолына алып, тәрбиелеген екен. Қанекең оқуда жүргенде Ғабдұлғазиз шаңыраққа тіреу болыпты. Сәтбай әулетінің 1932-1933 жылғы аштыққа ұшырамауына осы Ғазиз бен Қаныштың



сіңірген еңбегі өте зор. Ғазиздің немересі, геология ғылымдарының кандидаты Әлішер Ғалымтайұлы Сәтбаев қазір су шаруашылығы ғылыми институтының директоры, халықаралық Қ.И.Сәтбаев қорын басқарып келеді. Бес жылдан кейін Қаныш (шын есімі Ғабдұлғани) туады. 1899 жылы Қаныш туғанда Имантай өз болысының биі болыпты. Сөзге шешен, қазақтың мақал-мәтелдеріне жетік, ән салып, домбыра тартатын жан екен. Сәтбай әулетінің парасаттылығы сондай – Қаныш ол әулеттен шыққан бірінші білімпаз емес.

Зейіннің Әбікей деген баласы 1886 жылы Омбының мұғалімдер семинариясын бітірген, Баянауыл мектебінде мұғалім болған, орыс тілінен сабақ берген. Қаныш 1962 жылы Американың Пристон университетіне жолдаған анкетасындағы «Сіз білім алғаныңыз үшін кімге қарыздарсыз?» деген сұраққа

Алашорда көсемдерінің бірі болған. 1937 жылы атылып кеткен ағасы туралы тұңғыш рет сөз қозғап «Оқуға түскенім үшін ескі интеллигент Әбікей ағама қарыздармын» деп жауап беріпті. 1914 жылы Семейдің мұғалімдер семинариясына барғанда, Әбікей сонда мұғалім болатын. Екінші ағасы Әбдікәрім – Имантайдың Жәмін атты інісінің ұлы. Өзінің айтуынша Қаныштан үш жас үлкендігі бар. Ағалары Әбікей Зейінұлы Сәтбаев (1881-1937), Әбікәрім Жәмінұлы Сәтбаев (1897-1937) та аймаққа аты шыққан, елге сыйлы, нағыз ұлтжанды қазақтар еді. Бұл екеуі де атылып кетті. Ә.Марғұлан кезінде «Семей губерниясында Кәрім Сәтбаевтан асқан скрипкашы болған жоқ» деп жазады. Ол кісі барлық аспапта жақсы ойнаған, бірақ скрипканы ерекше меңгерсе керек. Қанекеннің бұл ағасы да 1938 жылы атылыпты. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған ағасы Ғабдұлғазиз (Ғазиз, Бөкеш атанған) 1937 жылы тұтқынға алынып, хабаршарсыз кетті. Түрмеде ме, айдауда ма, қай жерде оған

қазаның жеткені беймәлім қалды. Бұл жағдай Қаныштың жүрегін айықпас дертке, орны толмас қайғыға душар етті. Қанекеннің ағалары жайлы осылай. Ал туған ағасы Ғазиз (Бөкеш) туралы сұрағанда, Ә.Марғұлан

Қанекеннің көзінен тұңғыш әрі соңғы рет жас көріпті. Жылап отырып: «Мен ағамның талантының маңайына да бара алмаймын. Ол менен әлдеқайда артық еді. Тұнып тұрған талант еді. Бірақ заманы солай болды», - депті. Ашаршылық жылдары елге барған ол ағасын өзінің қаржастары «байдың баласы» деп ұстап берген екен. 1925 жылдары Абайдың баласы Тұрағұл ауылына келген Ә.Марғұланға: «Біздің Ертіс бойында Имантайдың екі ұлынан асқан білімпаз, оқымысты адам жоқ. Біз ол екеуінің маңайына бара алмаймыз», - деген екен.

Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы

Қаржас; 1 ұлы Құлекеден: Әлімбет, Телі, Тілеу, Ойым, Теліден - үлкен әйелінен Тоқсан, Талас, Телінің екінші әйелі (Бегім қайтыс болғаннан кейін жеңгесін алған) одан Анай туған. Анайдың бірінші әйелінен - Нияз, екінші әйелінен - Мырзақұл, Құдайқұл. Анайдың үшінші әйелінен - Жәдігер, Жаңқа. Анайдың үшінші әйелінен - Құл.

Анайдың екінші әйелі Тәйтеке қызы Аққабақтан - Мырзақұлдан - Сәти; Сәтиден - Күшік; Күшіктен - Шорман; Шорманнан - Мұса; Мұсадан - Біләл; Біләлден - Жарқан.

Анайдың үшінші қалмақ әйелінен - Жәдігерден - Сасық, Шөтік, Шөтіктен - Сәтбай, Сәтбайдан - Имантай, Жәмін. Сәтбайдың кіші әйелінен - Әмен, Әменнен - Әбікей, Жәміннен - Мағаз, Әпсәләм. Имантайдан - Қаныш.

Қаныштың өзінің ұрпақтары. Бірінші әйелі Шарипамен Қанекенді атастырып қойған екен. Онымен жас кезінде атастырып қойған екен. Онымен жас кезінде шаңырақ көтереді. Кейін өзімен бірге Томскіде оқыған Таисия Алексеевнаны да алады. Бірақ бірінші



әйелімен ажыраспаған. Тек «екі әйелі бар» деген сөзге қалмас үшін сұрағандарға алғашқысымен қарысқатынасын үзгенін айтқан. Олардың ажыраспағанын балаларының туған жылына қарап та байқауға болады. Балалары екі әйелінен кезек-кезек туып отырған. Шәрипа жеңгей балаларымен Омбыда тұрған. Қаныш аға оған ақшаны інісі Тармизи арқылы жеткізіп отырған. Заман түзелген соң, 1946 жылы Шәрипаны балаларымен Алматыға көшіріп алады. Қаныштың үлкен қызы Ханиса 1921 жылы желтоқсан айында елде дүниеге келген. Қазір жасы тоқсаннан асты, медицина ғылымының докторы, профессор. Ол кісінің балалары да ғалым. Екінші қызы Шәмшиябану - филология ғылымының докторы. Балалары да ғалым еді, үшеуі дүниеден өтті. Еркеш деген ұлы - химия ғылымының маманы. Үшінші қызы - Мейізі де үлкен ғалым еді. Қаныштың екі әйелінен де бір-бір ұлы болған. Шәрипа жеңгейден 1926 жылы туған Малыбай (Мәлеш) атты ұлы мектепте оқып жүрген кезінде Омбыда қайтыс болған. Ал Таисия Алексеевнадан Мәскеуде туған Арслан деген ұлы сәби шағында, Қарсақбайға көшкенде белгісіз аурудан шетінеп кеткен.

Қорыта келе мен мынадай ой түйдім. Себебі Мәшекең сөзіне қарағанда ары қарай тереңдесек, Қаныкең тоғызыншы атасында Бұқар жыраумен туысады. Алтын-

шы атасында Шорманмен қосылады. М.Ж. Көпейдің Шорманның Мұсасы өмірден өткенде айтқан жырында:

Қаржастың зоры Анай-ды, Талай жақсы Анайдан тарайды,-деген жолдары бар.

Осы өлең жолдарына қарағанда, Баянауыл өңірінен шыққан атақты адамдардың шежіресін зерттей бастадым. Баянауыл өңірінің көбі Арғын-Сүйіндік-Қаржас руынан тараған анықтадым. Қаржастың ұлы Алтынто-рыдан Бұқар жырау тара-са, Құлыкеден Телі, Теліден- Анай туған. Анайдың бірінші әйелінен-Нияз, Анайдың екінші әйелінен-Мырзақұл, Құдайқұл. Анайдың үшінші әйелінен- Жаңқа, Құл. Мырзақұлдан- Сәти- Шорман-Мұса тараған. 6.Жәдігер, 5.Сасық, 4.Шөтік, 3.Сәтбай, 2.Имантай, 1.Қаныш. Мырзақұл мен Жәдігер туса-ды. 9.Құлыке, 8.Телі, 7.Анай, 6.Жәдігер, 5.Сасық, 4.Шөтік, 3.Сәтбай, 2.Имантай, 1.Қаныш. Қаржастың ұлдары Құлыке, Бегім, Алтынто-рыдан Бірге туған, Алтынто-рыдан Бұқар жырау тараған.

Кенжесары Ә.Б.

9 сынып оқушысы, Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған көптілді лицей-интернаты, Екібастұз қ.

Каржасбаев Т.К.

тарих пәнінің мұғалімі, Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған көптілді лицей-интернаты, Екібастұз қ.





АЛЫП ТҰЛҒА ТУРАЛЫ СЫР ШЕРТЕДІ

Екі экспозициялық залда Қ.И. Сәтпаевтың қатардағы инженерден Қазақстан Ғылым Академиясының Президентіне дейінгі қалыптасуы мен жолы, туған жері, балалық, жастық шағы, оқу жылдары көрсетілген.

Ғалымның туған жері, ата-анасы, алғашқы оқыған ауыл мектебінің макеті, Павлодар орыс-қазақ училищесінде, Семей мұғалімдер семинариясында оқыған жылдары.

Ғалым отбасы, Қаныш Сәтпаевтың 50 жылдық мерейтойына сыйланған сыйлықтар: керамикалық құмыралар, gobelen, кофейнаққыш,

керамикалық табақша, химиялық элементтер кестесі, домбыра.

Минералды тастар коллекциялары бірегей болып табылады. Қаныш Сәтбаев және оның зайыбы геолог Таисия Сәтбаеваның минералдар коллекциясы.

Экспозицияда Қ. Сәтбаевтың үйіндегі жұмыс кабинетінің интерьері көрсетілген. Емен ағашынан жасалған үстел, орындық, оникс тастан жасалған үстел жиынтығы осы уақыттың рухын беретін мұражайдың құнды экспонаттары болып табылады.

Қаныш Сәтбаевтың заттары: пальто, костюм, бас киім, аяқ киімдер.



Қаныш Сәтпаевтың табиғаттағы қалыптасуы мен жолы, туған жері, балалық, жастық шағы, оқу жылдары көрсетілген.

Ш. Ч. Чокин, академик
«Мыслители, предрасположенные к синтезу, рождаются крайне редко. Наиболее известные ученые синтетического склада интеллекта известны широко: Леонардо да Винчи, Эйнштейн, Андрей Сахаров... Они были во всем, за что ни брались, гениальны. И к такой особой организации ума мыслителя я смело отношу К. И. Сатпаева».

А. Х. Маргулан, академик
«Где бы ни бывал я, в каких бы отдаленных уголках Казахстана ни бродил, всюду приходилось мне наблюдать, с какой теплотой относились люди к Канышу Имантаевичу, какую безграничную любовь питал к нему наш народ. На пастбищах Тургая и Ишима, в Сарысуйских степях и песках Бетпак-Далы, в долинах Чу и Таласа, на рудниках Жезказгана и Атасу — всюду старые рабочие и се-добородые чабаны спрашивали о Каныше, интересовались его работой, грустили, если давно не видели его...».

Н. В. Мельников, академик
«...Нельзя назвать ни одного значительного начинания в Казахстане в области науки и высшего образования, в котором Сатпаев не принимал бы активного участия. При этом Каныш Имантаевич не был кабинетным ученым: главным он считал постоянную связь науки с практикой и учет нужд промышленности. В науке он видел мощный источник развития производительных сил страны».

В. С. Коптев-Дворников, профессор
«Три больших дела он оставил после себя: первое — Джекказган, второе — Академия наук Казахстана, третье — Институт геологических наук. Во всех них живут и работают сотни людей, которые продолжают дело достойного сына казахского народа, ученого, геолога Каныша Имантаевича Сатпаева».

Н. У. Базанова, академик
«Меня всегда поражали масштабность мышления и прекрасная осведомленность К.И. Сатпаева во всех областях науки»

Собственник - Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1858-Г куәлігі берілген (27.03.2001)

Газет С.Торайгыров атындағы ПМУ-нің «Білік» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Редакция мекен-жайы: Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64, 230 — кабинет. Байланыс тел./факс: 67-36-48. www.psu.kz

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Ақылдастар алқасы: А.А. Ақышев, Ю.Д. Поминов, Р.Т. Билялов, А.Ф. Зейнулина, Р.Ш. Торлищева
Редактор: Т.А. Вербейко
Тілші: М.В. Ходыкова, Е.С. Данильченко, А. Адильбек
Керемдеуші-беттеуші: Е.М. Абенов
Корректор: С.К. Шаймарданова, Н.А. Нуркина

«Дом печати» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143 үй. Телефоны: 8 (7182) 618026 Тапсырыс № Г19-708. Тиражы: 600 дана.